Ленин туы

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 49 (7009) | Жексенбі 11 Март 1945 жыл | Шығуына 27-жыл Және саны 20 тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

2-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы Советтер Одағының Маршалы РОКОССОВСКИЙГЕ Майдан штабының бастығы Генерал-полковник БОГОЛЮБОВҚА

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуылды дамыта отырып, темір жолдар мен тас жолдардың маңызды торабы және немістердің Солтүстік Померониядағы қорғанатын қуатты тіректі бекінісі—**ШТОЛЬЦ** қаласын алды.

ШТОЛЬЦ қаласын алу ұрыстарында генерал-лейтенант **РОМАНОВСКИЙДІҢ**, генерал-лейтенант **ЛЯПИННІҢ**, генерал-лейтенант **МИКУЛЬСКИЙДІҢ**, генерал-майор **КОРОТКОВТЫҢ**, генерал-майор **ХУДАЛОВТЫҢ**, полковник **ГРИБЕНКИННІҢ**, полковник **ХРОМЦОВТЫҢ**, полковник **ПОЛУЛЕШКИННІҢ**, полковник **ГОРШУНОВТЫҢ**, полковник **АСАФЬЕВТІҢ** әскерлері; артиллерия генерал-майоры **ПОЗНАЕВТЫҢ**, полковник **ЗАХАРОВТЫҢ** артиллериящылары; танк әскерлерінің генерал-лейтенанты **ПАНФИЛОВТЫҢ**, полковник **АБРОХОВТЫҢ**, полковник **УРВАНОВТЫҢ**, подполковник **ЕГОРОВТЫҢ**, подполковник **КУЦТЫҢ**, подполковник **РЯЗАНЦЕВТІҢ**, подполковник **БАЛЫКОВТЫҢ**, полковник **ХАРИТОНОВТЫҢ**, подполковник **НЕМКОВИЧТІҢ**, майор **ПОТАПОВТЫҢ** танкшілері; авиация генерал-лейтенанты **БАЙДУКОВТЫҢ**, авиация генерал-майоры **БОРИСЕНКОНЫҢ**, генерал-майор **ФЕДОРОВТЫҢ**, полковник **ГРИЩЕНКОНЫҢ**, полковник **РЫБАКОВТЫҢ**, полковник **ПОКАЕВОЙДЫҢ**, подполковник **КАЗАЧЕНКОНЫҢ**, подполковник **БАРДЕЕВТІҢ** ұшқыштары; полковник **ВИНОГОРДЫҢ**, инженер-полковник **ГОЛОВНЕВТІҢ**, полковник **КЛЕМЕНТЬЕВТІҢ**, подполковник **ДУБРАЗИННІҢ** саперлері; полковник **СЫЧЕВТІҢ**, подполковник **ПОКРОСТЫҢ**, майор **ГРАДЕЦКИЙДІҢ** байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің құрметіне, **ШТОЛЬЦ** қаласын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер орденмен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 9 марта, 21 сағатта Отанымыздың астанасы **МОСКВА** екі жүз жиырма төрт зеңбіректен жиырма дүркін артиллерия оғын атып, **ШТОЛЬЦ** қаласын алған **2-БЕЛОРУС** майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан құрмет көрсетеді.

ШТОЛЬЦ қаласын алған Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қиымылдарын өте жақсы жүргізгені үшін **АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.**

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 9 март.
№297.

Егін өнімін еселеп арттырамыз

Егін өнімін арттыру үшін біз быйыл барлық дәнді егіс алаңын сортты тұқым мен қамтамасыз еттік. Егіс тұқымы тыңғылықты түрде тазартылды. Егіс тұқымдарының бүлінбеуі үшін жағдай жасалды.

Агротехника шараларын мінсіз жүзеге асыруға зор назар аудардық. Мол өнімші звенолар 200 гектар егіс алаңына қар тоқтатып, 130 тонна көң дайындады. Қар кетісімен егіс алаңдарын түрлі шөп-шаламнан тазарту жұмысын жүргізбекпіз.

Колхозымызда қазір егіске әзірлік жұмыстары аяқталуға жуық. Қазірдің өзінде барлық құрал-саймандар жөнделіп болды. Жұмыс малдарын пайдаланудағы несіздікке тыйым салынып, олар күтімге қойылды. Көктемгі дала жұмыстары кезіне арналып, 200 центнер пішен сақталуда.

Колхозшылардың барлық ойы мен тілегі егіске үлгілі әзірлену, оны қысқа мерзімде өткізу, бітік егін өсіріп, 1945 жылы мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындап шығу, сөйтіп, алматылықтардың үндеуіне іспен жауап беру болып отыр.

А. ЗЯБЛИКОВ,
Мамлют ауданындағы «Красная нива» колхозының председателі.

Мол өнімшілер егіске әзірленуде

Ленин ауданындағы Бірлік ауыл советіне қараған «Еңбек» колхозында 1944 жылы мол өнімші звенолар құрылған болатын. Бұл звенолардың ішінде әсресе Белогуба жолдастың огород егушілер звеносы үздік шықты. Олар өткен жылы 235 центнер картоф және 30 центнер бұршақ жыйнады. Звеноның Самойленко, Смайылова және Калинина сыяқты таңдауды мүшелері егінмен мол өнім алу ісіне көп еңбек сіңірді, сөйтіп егін өнімін арттырғаны үшін еңбек күндеріне қосымша ақы алды.

Қазір Белогуба жолдастың басқаруындағы звено алдағы көктем егісіне ойдағыдай әзірленуде. Олар огород егістерінің тұқымын толық әзірледі. Егіс жұмыстарына керекті құрал-саймандарды жөндеді. Өздеріне бекітіліп берілген егіс алаңына жергілікті тыңайтқыштар төкті.

Қ. ЖАҚИН.

Совет Хабаршы бюросынан

9 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуылды дамыта отырып, темір жолдар мен тас жолдардың маңызды торабы және немістердің Солтүстік Померониядағы қорғанатын қуатты тіректі бекінісі**ШТОЛЬЦ** қаласын алды, сол сияқты **ШЛАВЕ, РЮГЕНВАЛЬДЕ, ШТОЛЬПМЮНДЕ** қалаларын және 200ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде **РАЙНДФЕЛЬД, КЕЛЬПИН, ШЕНБЕРГ, СУЛЛЕНШИН, ГРОССНОССИН, ЛУПОВ, ДАРСИН, ГРОСС-ГЛУШЕН, ДАММЕН, ЗОРХОВ, КАРЦИН, ВАЙТЕНХАГЕН, ЗАЛЕСКЕ, ПУСТДМИН, ИЕРСХЕФТ, РЮЦЕНХАГЕН** үлкен қыс тақтарын алды. 8 марта майдан әскерлері немістердің 1500ден аса солдаты мен офицерін қолға түсірді.

ШТЕТТИН бағытында әскерлеріміз **ОДЕР** өзенінің шығыс жақ жағалауын душпаннан тазарту жөнінде ұрыстар жүргізді, сөйтіп **ВОЛЬФСХОРСТ, ХАКЕНВАЛЬДЕ, ГРЮНХОРСТ, КАРЛСГОФ, МЮЛЕНБЕН, ВИНОВ, ВОЛЬТИН, ВИРОВ, ТУЕХОЙЗЕР** қыстақтарын алды.

8 марттағы ұрыстарда **1-БЕЛОРУС** майданының әскерлері немістердің 3000нан аса солдаты мен офицерін қолға түсірді. Жаудан қолға түсірілген адамдардың ішінде немістердің «Бервальде» жаяу әскер дивизиясының командирі генерал-лейтенант Райтель бар.

Венгрияда, **БАЛАТОН** көлінің солтүстік-шығыс жағында немістердің танктерінің ірі күштері Дунайға қарай өтіп кету үшін тырысып, атака жасауда болды. 8 марттағы ұрыстарда бұл ауданда немістердің 70 танкі қыйратылды, жойылды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

8 марта барлық майдандарда немістердің 128 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен душпанның 61 самолеті атып түсірілді.

АВИАЦИЯМЫЗДЫҢ ВЕНГРИЯДАҒЫ ВЕСПРЕМ ТЕМІР ЖОЛ ТОРАБЫНА СОҚҚЫ БЕРУІ

9 мартқа қараған түнде ауыр бомбашыларымыз Венгриядағы Веспрем темір жол торабына соққы берді. Бомбалау кезінде темір жол торабында көптеген эшелондар тұрған болатын. Бомбалау нәтижесінде темір жол торабында өрттер шығып, күшті взрывтар болды.

* * *

2-Белорус майданының әскерлері ойдағыдай шабуыл жасауда болды. Советтің жүрдек құрамалары мен жаяу әскерлері жауға қауырт соққы беріп, Шлаве қаласын алды. Қашып құтылуға тырысқан жаудың қаладағы гарнизоны тас жолда совет жауынгерлеріне кез болып, жойылды. Әскерлеріміз табысты дамыта отырып, Штольц қаласына қарай бет алды. Бұл қала—Солтүстік Померониядағы қатынас жолдарының маңызды торабы. Мұнда 6 темір жол және бірнеше тас жол тоғысады. Штольцке қарай шығатын жолдардың үстінде көптеген цемент, болат, ағаштар жатыр. Барлық жерлерде атыс бекіністері үшін жасалған ұялар көрініп тұр. Душпан бұл ауданда ұзақ уақытқа арнап бекіністер салмақшы болған. Гитлершілдер бұл жерге қолдарына күрек, сүймен, балта ұстатып он мыңдаған адамдарды айдап әкелді. Құрылыс жұмыстары күндіз-түні бірдей жүргізілді. Алайда Қызыл Армияның жедел алға басуы немістердің жоспарын болдырмай тастады. Сонымен, бекіністер жасалмай қалды. Күн кешкіре әскерлеріміз Штольцтің батыс жақтағы шет аймақтарына жетті. Совет жаяу әскерлері өлермендікпен қорғанған душпанға қарсы ұрыс бастады, ал танктеріміз, өздігінен жүретін артиллериямыз бен гвардия миномметтеріміз қаланы солтүстік және оңтүстік жақтан айнала қоршап алды. Кешкілікте совет атқыштары артиллерияның жауға қарсы нәсерлете оқ жаудырған көмегімен, Штольц қаласына үш жақтан басып кірді. Түнгі тіке шабуыл басталды. Өздігінен жүретін зеңбіректер жаяу әскерлердің ізінше алға баса отырып, жаудың атыс бекіністерінің үнін өшіруде болды. Саперлеріміз немістердің атыс бекіністері орналасқан үйлерге қарай жақын келіп, бұл үйлердің іргелеріне қыйратқыш заттар қойды, сөйтіп оларды талқандай бастады. Табан тіреспей ұрыс нәтижесінде әскерлеріміз душпанның қорғанатын қуатты тіректі бекінісі—Штольц қаласын толық алды. Күн тәулік ішінде неміс тердің 4000дай солдаты мен офицері жойылды, жаудың 35 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, өртелді. Бөлімдеріміз жаудан көп олжа, оның ішінде 4 танк, 5 бронетранспортер, 44 зеңбірек, 30 паровоз, 500 вагон және түрлі 25 склад қолға түсірді.

* * *

Штеттин бағытында әскерлеріміз Одер өзенінің шығыс жақ жағалауын душпаннан тазартуда болды. Совет бөлімдері немістерге солтүстіктен, шығыстан және оңтүстіктен соққы бере отырып, Штеттинге шығыс жақтан қамал болған душпанның тіректі бекінісі—Альтдамм қаласына қарай алға басуда. Жаяу әскерлеріміз бен танктеріміз артиллерияның көмегімен, немістерді қыстақтар мен жол аузында салынған бекіністерінен түріп шығаруда. Тек бір учаскенің өзінде ғана әскерлеріміз душпанның бір полктей жаяу әскерлерін қырып салды. Немістерден өздігінен жүретін 2 зеңбірек, 132 дала зеңбірегі, көптеген миномет пен пулемет және басқа олжа қолға түсірілді. Немістердің «Меркиш-Фридланд» дивизиясының полк командирі полковник Янус қолға түсірілді.

Қызылтулы Балтық флотының авиациясы Балтық теңізінде немістердің 6 мың тоннальық транспортын суға батырды.

* * *

2-Украин майданында жауынгерлеріміз испан легионының 102-ротасының солдаттары Хаесус Сайнс Балса мен Энрика Марота Эрнандесті қолға түсірді. Қолға түсірілген солдат Хаесус Сайнс Балса былай деді: «1945 жылы мен испанның «Жасыл дивизиясында» санитар болып қызмет атқардым. Жыл аяғында мені әскерден босатты, сөйтіп мен Испанияға қайта оралдым. 1944 жылдың июнінде мен өз еркіммен испан армиясының қатарына қосылдым. Алайда мені Испанияда қалдырмай, Инсбрукке (Австрияда) жөнелтті. Мұнда жаңадан испан легионы құрылды. Немістер жағында соғысқа қатысу үшін испан солдаттарын үгіттеп, әскерге алу жұмысының орталығы—Логроньо (Испанияда) қаласы. Адамдарды әскерге алу жұмысын соғыс министрлігінен келген подполковник басқарды. Оның аты, жөні, есімде жоқ. Адамдарды әскерге алатын екінші бір пункт Сан-Себастьян қаласында орналасты. Пункт бастығы испан фалангистері басшыларының бірі, бұрын «Жасыл дивизияда» қызмет атқарған испан армиясының лейтенанты Карреас болды. Август айында легион Германияның өнер кәсіп орындарында жұмыс істеу үшін алынған адамдармен қайта толықтырылды.

Августа Легион толық құрылып болды. Бірінші ротаны толық составымен ұрысқа шығару үшін Карпат өңіріне жөнелтті. Легионның екі ротасы югославия партизандарына қарсы күресу үшін Югославияға, Целье ауданы (Марибордың оңтүстік-батыс жағында) жөнелтілді. Октябрьдің аяқ шенінде бұл екі ротаның екеуіне Югославиядан Штоккерауға (Австрияда) ауыстырылды. Бұл жерге Карпатта талқандалған бірінші ротаның қалдықтары да келіп жетті. Штоккерауда легион Испаниядан толықтыру алып, 1945 жылғы 7 февральда толық составымен Братислава — Нитра арқылы жүретін темір жолмен Вробле ауданына жөнелтілді. Жергілікті жерге келгеннен кейін, легионның екі ротасы жаңа атақ алды, атап айтқанда: бірінші рота 101-дербес испан ротасы, ал екінші рота —102-дербес испан ротасы деп аталатын болды. Бұл екі рота 19 февральда Вробленің шығыс жағындағы ауданда демалыс ка шығарылған неміс бөлімшелерінің орнына тұрып, шепке орналасты».

Испанияның билеп-төстеуші топтарлары Испанияның бейтараптығына жетпіс бөрісендіру үшін өлермендікпен жанталасуда. Өзінің бейбітшілік сүйгіштігі туралы шіркеу пестен суайтқана отырып, Франко үкметі әскер бөлімдерін құруда, сөйтіп оларды басына күн туған Гитлерге көмекке жөнелтуде. Испания газеттері мен радио станциялары Испанияның бейтараптығы жайында өңештерін жеріне айғайлап жатсада, испан легионы Югославия отаншылдарына қарсы және ұрыс сала отырып, Чехословакия жерін азат етуші Қызыл Армияға қарсы соғысуда. Франко үкметінің фашистік Германиямен ешбір қатысы жоқ деген ді айтып, испан дипломаттары жұртшылықты Испанияның бейтараптығына сендіру үшін жансада тырысуда, ал Испания соғыс министрлігінің өкілдері мен фалангистер солдаттарды «ерікті түрде» әскерге алып, оларды Германияға жөнелтуде, ал бұл жерден бұл солдаттар совет-герман майданына ауыстырылуда. Сол сияқты Испанияда Германияның кәсіп орындарында жұмыс істеу үшін күшті қарқынмен жұмысшылар жыйналып жатыр. Алайда бұл жұмысшылардың басым көпшілігі испан легионына алынып, онда оларды әскери киімнен киіндіріп, қолдарына қару беріп, ұрысқа шығаруда. Франкошыл Испанияның бейтараптығы іс жүзінде міне орындай болып отыр. Гитлердің испан малайлары жүргізіп отырған саясат әрі зұлымдық әрі екіұшты саясат.

Совет-герман майданында қолға түсірілген испандықтардың көрсетінділері Біріккен Ұлттарға қарсы соғыс жүргізуіне фашист Германияға көмектесіп отырған мадрид бейтарапшыларын тағы да бір рет өш кереледі.

БК(б)П УСТАВЫ—ПАРТИЯ ӨМІРІНІҢ НЕГІЗІ

Большевиктік партия—совет халқының басшы және бағыт беруші күші. Партия даңқты тарихи жолдары өтті. Оның басшылығы арқасында еліміздің жұмысшылары, шаруалары мен интеллигенциясы бостандыққа жетіп, социалистік қоғам орнатты. Ұлы Отан соғысы күндерінде Ленин—Сталин партиясы совет халқының барлық материалдық және рухани күштерін жеңіске батыл тойтарыс беруге, сөйтіп неміс басқыншыларды талқандауға жұмылдырды.

Партияның мұндай табыстарға жеткен себебі неден? Партияның жұмысты қай бағытта жүргізу керек екенін білуіне, сөйтіп оны ойдағыдай алға бастыруына мүмкіндік беріп отыратын не?

Партияның табысқа жетіп отыратын себебі «оның марксистік партия, лениндік партия болғандығынан. Партия өзінің жұмысында Маркстің, Энгельстің, Ленинніңғылымына сүйеніп отыратындығынан» дейді Сталин жолдас.

Партияның күшті болатын тағы бір себебі оның құрылысында, жұмысында большевизмнің ұйымдастыру принциптері қолданылып отырылатынында.

Ұйымдастыру мәселесіне партиямыз әрқашан өте зор маңыз беріп келді. Ленин мен Сталин партияны өзінің тарихи алатын орнына сай келетін, большевиктер мен бүкіл совет халқының алдында тұрған ұлы міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін ұйымдастыру негізінде құрды.

Партиямыздың ұйымдастыру принциптері БК(б)П Уставында баяндалған.

Партияның программасы жұмысшы табының таяуда жүргізілетін күресін және оның түпкі мақсатын баяндайтын болса, ал партияның тактикасы алға қойылған міндеттерді іске асырудың әдістері мен тәсілдерін белгілеп беретін болса, БК(б)П Уставы партия ұйымдарының іс жүзіндегі жұмысының әдістерін, партия құрылысының түрлерін және оның ішкі өмірінің ережелерін баяндайды.

Устав партия жұмысының жалпы шеңберін, партияның ұйымдастыру жұмысының негізгі түрлерін белгілеп береді. Онда партия ұйымдарының ағымдағы жұмысы, кезекті қабылдайтын қарарлары ескерусіз қалдырылмайды, қайта қатты ескері зақы. Өз-өзінің бүкіл іс жүзіндегі қызметінде партияның барлық ұйымдары және әрбір коммунист Уставты нұсқау етіп отырады.

БК(б)П Уставы ең алдымен партияға мүше болу, оның өз қатарындағы адамдар жөніндегі мәселеге жауап береді.

Партияның сыйпаты, оның ұйымшылдығы жауынгерлік қабілеті состарының кандай болатындығына байланысты. Партия өз қатарына негүрлым саналы, белсенді және Ленин—Сталин ісіне жан-тәнімен берілген жұмысшыларды, шаруалар мен интеллигенттерді алып, солардан құралған ең алдыңғы қатардағы отряд, бұқарының көсемі деген міндетін іс жүзіне асыра алады.

Партия өзінің мүшелеріне жоғары талаптар қояды, өз қатарының берік тірі, байсалдылығын, тазалығын сақтап отыруды міндеттейді. Мұнда Ленинің мынадай нұсқауын негізге алады: «Біз партия мүшесінің атағын, маңызын барған сайын үздіксіз жоғары көтере беруге тиіспіз».

Партиямыздың Уставының бірінші тармағында «партия мүшесі болып партия программасына мойындаушы, оның ұйымдарының бірінде істеуші, партияның қаулыларына бағынушы, мүшелік жарнасын төлеуші әрбір адам саналады» деп көрсетілген.

Партия өзінің қатарындағыларға мейлінше жоғары талап қоятындығын Уставтың алғашқы екі тарауындағы сөздерден айқын көруге болады. Онда партияға жаңа мүшелерді жекелеп қабылдау жолдары көрсетілген, кандидаттық стажды өтудің нақты және іс жүзіндегі шарттары, партия мүшелерінің міндеттері баяндалған.

Коммунистердің осы негізгі міндеттері ішіндегі ең бірінші міндеті «өзінің саналылығын арттыру жолында, марксизм-ленинизм негіздерін білу жолында тынбастан жұмыс істеу» болып табылады.

Коммунист—жаңа типті партияның мүшесі, оның бүкіл іс жүзіндегі жұмысы ғылымға негізделген. Партия өзінің іс жүзіндегі жұмысында марксистік-лениндік теорияны нұсқау етіп отырады. Бұл теория партиямыздың жалпы жақсы білуіне, оқиғалардың ішкі байланысын түсінуіне, оның бағытын күн ілгері білуіне, қазіргі кезде оқиға қалай және қай бағытта дамып отырғанын, болашақта олар қалай және қай бағытта дамуға тиіс екенін анық ұғынуына мүмкіндік береді. Осындай партияға қойылатын жоғарғы талаптың дәрежесінде болу үшін коммунист марксистік-лениндік теорияны меңгеруге, онан шығатын қорытындыларды іс жүзіне асырып отыруға міндетті.

Партия мүшесі партияның темірдей берік тәртібін бұлжытпай орындауға, партия мен еліміздің саяси өміріне белсене қатысуға, партияның саясаты мен партия орындарының қарарларын іс жүзіне асырып отыруға, өндірісте алдыңғы қатарда жүретін болуға, еңбек тәртібі мен мемлекеттік тәртіпті сақтауда өнеге көрсетуге міндетті. Коммунистер барлық жұмыста, барлық жерде алдыңғы сапта болуға тиіс. Өз басының үлгісі арқылы майданда жауынгерлер мен командирлерді, тылда жұмысшыларды, колхозшылар мен интеллигенцияны жігерлендіріп отыруға тиіс.

БК(б)П Уставы әрбір коммунистен совет халқының күресі мен жеңістерін ұйымдастырушы большевиктік партияның мүшесі деген атаққа барлық жағынан сай болуды талап етеді.

Біздің партиямыз демократиялық централизм негізінде құрылған. Бұл не деген сөз? Мұның мәнісі оның ұйымдастыру құрылысының негізі бір орталыққа бағынуда деген сөз. Мұның мәнісі партияның бүкіл іс жүзіндегі жұмысына бір орталықтан бағыт беріліп отырылады. Орталық Комитеттің қарары партияның барлық мүшелеріне, барлық партия ұйымдарына міндетті болып саналады. Орталық Комитет партия күштерін бөліп отырады, мемлекеттік орындардың жұмысына және еңбекшілердің барлық ұйымдарына басшылық етіп отырады деген сөз.

Бір орталыққа бағыну партияның құрылысынан да айқын көрінеді. Партияда жоғары және төменгі орындар бар. Төменгі орындар жоғары орындарға сөзсіз бағынып отырады. Жоғары орындардың қарары төменгі орындар үшін міндетті түрде іс жүзіне асырылуға тиісті қарар болып табылады. Одақтас республикалардың коммунистік ұйымдарын біріктіре отырып, біздің партиямыз бір ыңғай, бір орталыққа бағынған партия болып табылады. Өйткені одақтас республикалардың коммунист партияларының Орталық Комитеттері партияның облыстық комитеттерінің правосында болады.

Партиядан тыс ұйымдардағы партия топтары тиісті партия орындарына бағынады, партия ұйымын төменнен күрделі әлеттегі Орталық Комитетіне халық шаруашылығының шешуші учаскелерінде уақытша саяси-саттық бөлімдер құруға, ірі құрылыстар мен заводтарда тағы сондай жерлерде партия ұйымдастырушылары белгілеуге рұқсат берілген. Міне бұл шаралардың өзі де бір орталыққа бағынушылық тәртібін айқын сыпаттайды.

Бір орталыққа бағыну—партиямыздың аса маңызды ұйымдастыру принципі, мұның өзі БК(б)П Уставына түгелімен арқау болып отырады. Бұдан болғаны түсінікті де. Біздің партиямыз Күрес партиясы. Ал, күресті ойдағыдай жүргізу үшін барлық күшті бір орталыққа бағындыру керек, ұйым бір ыңғай жоспар бойынша жұмыс істейтін болуы хажет. Бір орталыққа бағыну тәртібі арқасында партияның тілеген уақытында өзінің қатарын қайта құрып, партия мүшелерін өз жұмысының керек деп тапқан учаскесіне жыйнақтап отырады. Демократиялық централизм біздің партиямыздың ынтымағын, оралымдылығын, іскерлігін қамтамасыз етеді. Большевиктер партиясы «қай кезде болса да, өзінің қатарын қайта құрып, өз қатарында ешбір бөгеліс тұдырмай-ақ жүз мыңдаған мүшелерін үлкен жұмыстардың қайсысына болса да жыйнақтай алады» (СТАЛИН).

Партиямыздың бұл артықшылығы тарихта сан рет сынған өтті. Азамат соғысы кезінде және шет елдер жерімізге басып кірген жылдарда «Орталық Комитет көтерген ұран бойынша он-ондаған, жүз-жүздеген, мың-мыңдаған, ақырында миллиондаған адамдар бір кісідей болып жұмылды» (ЛЕНИН). Партиямыздың жауынгерлік ұйым екенін көрсететін тамаша қасиеттері бейбітшілік құрылыс жылдарында да талай рет айқын көрінді. Мұның өзі неміс басқыншыларға қарсы совет халқы жүргізген Ұлы Отан соғысы күндерінде ерекше айқын күшпен көрініп отыр. Соғыс партиямызды үлкен сынға кездестірді. Біздің партиямыз жауынгерлік ұйымда ғана болатын тамаша қасиеттерін әлемге көрсетті.

Демек, басшылықта және партия құрылысында бір орталыққа бағыну партияның ұйымшылдығының, жауынгерлік қабілетінің негізгі шарты болып саналады.

Біздің партиямыз іске асырып отырған бір орталыққа бағыну тәртібі демократиялық тәртіп. Біздің партиямыз еңбекшілердің қалың бұқарасымен тығыз байланысты ерікті ұйым болып табылады. Ленин партияның барлық ісі тікелей немесе партияның барлық мүшелерінің өкілдері арқылы жүргізіліп отырылады деп көрсеткен. Мұның мәнісі партиямыз партиялық бұқараның белсенділігін көтеріп отырады, ал бір орталыққа бағынудың қатаң тәртібі демократиялық принципмен ұштастырылып отырады, мұның өзі жергілікті ұйымдардың ынталы болуын, партия өміріне партияның мүшелерінің белсене қатысуын көздейді деген сөз.

Устав партияның ішкі демократиясының принциптерін толық баяндайды. Бұл принциптер арқылы партиямыздың ішкі өмірі тәртіптеліп отырады. Бұл принциптің мәні партияның барлық басшы орындарының сайланатындығында, есеп беріп отыратындығында, ауысып отыратындығында. Уставқа сүйене отырып, партия ұйымдары жұмысты нашар істеген секретарьларды, партия бюроларын орнынан алуға, өзгертуге ерікті болады. Съездерде, конференцияларда, жыйылыстарда партия мүшелері партияның басшы қызметкерлерінің қандайын болса да барлық жағынан сынай алады. Міне, осы жолмен партия бұқарасы өздері сайлап қойған басшы орындардың жұмысын бақылап отырады.

«Партия бұқарасы,—дейді Сталин жолдас,—партия жыйылыстарында, конференцияларда, съездерде есепті баяндамаларын тыңдау арқылы, кемшіліктерін сынау арқылы, ақырында, кейбір басшы қызметтегі жолдастарды басшы орынға сайлау немесе сайлаған арқылы өздерінің басшыларын тексеріп отырады».

Партияның ішкі демократиясын іске асыруда партия мүшелерінің БК(б)П Уставын да жазылып көрсетілген праволарының зор маңызы бар. Партия мүшесі партия жыйылыстарында партияның қандай қызметкерін болса да сынай алады, партия орындарына сайлай алады және өзі сайлана алады, оның жұмысы немесе қылығы жөнінде қаулы шығарылатын кезде өзінің қатысып отыруын талап етеді. Партия мүшелеріне тағы осындай праволар берілген. Міне, мұның өзі партияның ішкі демократиясын күшейтудің мықты құралы болып табылады.

Партияның ішкі демократиясы және бір орталыққа бағыну тәртібі партия мүшелерінің мейлінше ұйымшыл, ынтымақты болуын, темірдей берік тәртіп сақталуын, сонымен қатар олардың ынталылығын, белсенділігін ұштастырып отыруға мүмкіндік береді.

Бұқара арасында жұмыс жүргізу—барлық партия ұйымдарының ең бірінші кезектегі борышы болып табылады. Ленин мен Сталин партияның өздігінен істейтін бөлек ұйым болуын қадағалаудың өзі бұқара арасындағы жұмысты жақсы жүргізуді көздеуден туын отыр деп бірнеше рет ескертті. «Партия таптың бір бөлегі, өзі үшін емес, тап үшін өмір сүреді» (СТАЛИН). Ленин мен Сталин бұқарамен байланысты тереңдетіп, ұлғайта беру хажеттігін көрсетіп отырды. Партия «Еңбекшілердің қалың бұқарасымен байланыса, жақындаса, тіпті керек болса, белгілі дәрежеде қосылып кете білуге тиіс» деп көрсетті Ленин.

Партияны бұқарамен байланыстырып отыратын негізгі буын бастауыш партия ұйымы болады. Міне, солар бұқара арасында большевиктік жұмыс жүргізсе, партияның қарарлары мен ұрандары бұқараға жақын, түсінікті болады: олар бұқараны партияның саяси міндеттерін орындауға жұмылдырып, тәрбиелеп отырады. БК(б)П Уставы әрбір бастауыш ұйымға бұқара арасында ұйымдастыру және үгіт жұмысын жүргізуді міндеттейді. Бұқарамен күнделікті байланыс жасап отыру, олардың арасында тәрбие жұмысын жүргізу, бұқараны саяси, соғыс және шаруашылық міндеттерді орындауға жұмылдыру—бастауыш ұйымның жұмысындағы басты мәселе болады.

Сондықтан да партияның әрбір мүшесі партияда жоқ бұқарадан аулақтанбай, әрқашан және барлық жерде бұқарамен бірге болуға, олардың арасында жұмыс жүргізуге, партияның қарарларын түсінуде, ұғынуда еңбекшілерге көмектесіп, ол қарарларды орындауға жұмылдырып отыруға міндетті. Партияның Уставында партия мүшесі «бұқарамен байланысын күн сайын нығайтып отыруға, еңбекшілердің тілегі мен мұқтаждығына дер кезінде жауап беріп отыруға, партияда жоқ бұқарага партияның саясаты мен қаулыларының мәнісін түсіндіріп отыруға міндетті» деп көрсетілген.

Ақырында, партиямыздың Уставында партияның бірлігі үшін, оның ынтымағын күшейту үшін күресу, программа мен Уставтан таюдың барлық түріне қарсы күрес жүргізу, жікшілдерге, екі жүзділерге қарсы күрес жүргізу сияқты аса маңызды ұйымдастыру ережесі берік ұсталуға тиісті ереже деп көрсетілген.

Партия өзінің Уставын, өзінің негізгі ұйымдастыру принциптерін өзінің тарихи дамуының үстінде жасап алды, сансыз жауларға қарсы, партияға жат түрлі топтар мен ағымдарға қарсы, партияның Уставындағы ұйымдастыру принциптеріне қарсы болып, партияның ұйымдастыру негізін шайқалтуға барлық күшін жұмсағандардың бәріне қарсы күрес үстінде партиямыз большевиктік принципті қорғап қалды. Партия өзінің ұйымдастыру қаруын оппортунистердің барлық түріне қарсы күресте жетілдіріп, шыныктырып отырды. Мысалы, партияның X съезі кезінде оппортунистік топтардың партия ішінде ала ауыздық тұғызбақ болған әрекетіне қарсы съез Ленинің ұсынысы бойынша «партияның бірлігі туралы» қарар қабылдады. Бұл қарардағы негізгі ережелер кейін партияның Уставына енгізілді.

Большевизмнің жауларына қарсы аяусыз күрес жүргізу, оларды талқандап отыру партиямыздың өз қатарындағы бірлікті сақтап, оны нығайта беруіне мүмкіндік берді. Осының арқасында партия социалистік революция орнату жөніндегі, социалистік қоғам құру жөніндегі ұйымдастырушылық міндетін ойдағыдай орындады, отан соғысы күндерінде партия неміс-фашист басқыншыларға қарсы бүкіл халықтық күреске дем беріп, оны ұйымдастыру жөніндегі міндетін ойдағыдай орындап келеді.

Партияның әрбір мүшесі партия ісіне жан-тәнімен берілген болуға, революциялық қырағылықты, таптық қырағылықты жоғары ұстауға, халық жауларына қарсы рахымсыз күрес жүргізуге тиіс.

БК(б)П Уставының негізіне алынған басты ережелер осылар. Большевиктер партиясының күші де, жеңілмейтіндігі де, міне осында.

БК(б)П Уставы—партия өмірінің мызғымас негізі. Оны мүлтіксіз орындау—әрбір партия ұйымының, әрбір коммунистің аса маңызды борышы. Партияның саналы мүшесі болу үшін партия Уставына атүсті қарамай, оны негізгі заң деп таңу керектігін, партия оның негізделіп құрылғанын, оның ішкі өмірінің бәрі осыған негізделгенін, мұны бұзуға болмайтындығын әрбір коммунист жетік шығармауға тиіс.

Партияның ішкі тұрмысындағы маңызды мәселелердің бәрі жөнінде қолданылатын жетекші ереже уставта толық көрсетілген. Сондықтан да устав жұмыстағы бірліктің негізі, темірдей берік тәртіптің негізі болып табылады. Неміс-фашист басқыншыларға қарсы совет халқы жүргізген ұлы отан соғысы кезінде партиямызға жүктелген тарихи міндеттерді партия ұйымдары ойдағыдай орындауын қамтамасыз етудің міндетті шарты Уставтағы негізгі ережелерді терең түсіну, оны іс жүзінде бұлжытпай орындап отыру болып табылады.

Л. СЛЕПОВ,
(«ПРАВДА»).

Өндірістік жаңа өрлеу

Резчик жолдас директор болып істейтін заводта Алматыдағы ауыр машина құрылысы заводы коллективінің үндеуіне арналған жыйылыс болып өтті. Завод жұмысшылары алматылықтардың үндеуін зор сала тыңдап, өздерінің майдан үшін, жеңіс үшін күшті жігермен еңбек істейтіндігін білдірді.

Жыйылыста партия ұйымының секретарі Большаков жолдас сөз сөйледі.—Майдандағы Қызыл Армия жауынгерлерінің ерлік істеріне жауап ретінде біз еңбек майданында жаңа зор табыстарға жетуіміз керек. Март айының өндірістік жоспарын мезгілінен бұрын әрі сапалы орындау—майдан жауынгерлерінің қаһармандық істеріне лайықты жауабымыз болып саналады,—деді ол.

Завод жұмысшылары шабуылдағы Қызыл Армияны қару-жарақпен керегінше қамтамасыз ету үшін республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа жаппай ұштасты, бірінші тоқсанның өндірістік жоспарын толық орындап, ауыл шаруашылығы үшін жоспардан тыс 15 мың сомның қосалқы бөлшектерін өндіруге міндеттенді.

А. ШОРИН.

Қазақстанның барлық интеллигенциясына

Қазақ ССР Алматы облысының Еңбекші қазақ ауданы интеллигенциясының ҮНДЕУІ

Қымбатты жолдастар!

Ұлы Отан соғысы жылдарында ұлы Сталиннің басшылығымен, бүкіл совет халқымен бірге республикамыздың еңбек шідері, жексұрын неміс-фашист басқыншыларға қарсы тарихта бұрын соңды болын кормеген сұраныт ұрысты аброймен жүргізуде. Осы ұлы күресте совет интеллигенциясы, оның ішінде Қазақстан интеллигенциясы да күресушілердің алдыңғы сапында болып ғылым мен техника, мәдениет салаларында жаңалықтар табуда, бұл ғылым табыстарын Қызыл Армияға және елімізге керекті қару-жарақты, оқ-дәріні соғыс жабдықтары мен азық түлікті үздіксіз көп өндіру үшін шеберлікпен қолдануда.

«Совет интеллигенциясы,—деді Сталин жолдас, —өзінің жемісті еңбегімен жауды талқандау ісіне баға жетпес көмек көрсетті».

Соғыс күндері советтік ғылым, техника және мәдениет неміс ғылымы мен неміс техникасынан әлде қайда басым болып, жеңіп шықты. Интеллигенцияның таңқырлық істеріне біздің партиямыз, совет үкметі және Сталин жолдастың өзі көмектесіп отырды. Міне осы үздіксіз көмек айтарлықтай зор жаңалықтар табуға. советтік ғылымның, техниканың және мәдениеттің барлық салаларында жаңа табыстарға жетуге бастады.

Совет мемлекеті, соғысқа байланысты орасан зор қыйыншылықтарға қарамастан, жоғарғы дәрежелі оқу орындарының, техникумдардың, мектептердің және ғылми мекемелердің, саяси-ағарту мекемелерінің ауыл мен селолардағы көптеген жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

Жауға қарсы күресіміздің шешуші кезеңі жетіп отыр. Жауды біржолата талқандап, құрту және Берлин үстінде жеңіс туын тігу ісін аяқтап шығу жолында сүйікті Қызыл Армиямыз дұшпанның өз үңгірінде ең соңғы шешуші ұрыстар жүргізіп жатыр.

Бұл міндетті жүзеге асыру үшін еліміздің еңбекшілерінің, бүкіл совет интеллигенциясының көп күш жұмсауы керек екенін біз жақсы білеміз.

Біз өзіміздің барлық назарымызды халық шаруашылығының, ғылым, техника, мәдениеттің барлық салаларына басшылығымызды үздіксіз күшейтуге, таңқырлық ойымызды жеңіс мүддесі үшін бұдан былай да ілгері бастыра беретіндігімізге, шешіліп болмаған міндеттердің төңірегіне жыйнақтауымыз керек.

Біз Алматы облысы, Еңбекші қазақ ауданының оқытушылары мен интеллигенциясы өзіміздің отаншылдық борышымызды және коммунистік қоғамды құратын жас ұрпақтарды тәрбиелеу жөніндегі партия мен үкмет біздерге жүктеп отырған жұмыстың жауаптылығын терең ұғына отырып, осымен қатар майданға көмектігімізді күшейте түсу мақсатымен республиканың оқытушылары мен барлық интеллигенциясын Қазақстан интеллигенциясының арасында ғылым, техника және мәдениеттің барлық салаларында ең жоғары табыстарға жету үшін кең түрде социалистік жарысты бастауға, сөйтіп, Қазақстанның 25 жылдық дәңкты мерекесін ғылым, техника және мәдени күштерін бұрынғыдан да кең өркендетіп қарсы алуға шақырамыз.

Қазақстан интеллигенциясы отрядтарының бірі болғандықтан біздің Еңбекші қазақ ауданының оқытушылары мен интеллигенциясы социалистік жарысқа түсіп, өзімізге мынадай міндеттемелер аламыз:

1. Қазақ ССРның 25 жылдығына дейін ауандағы ересек адамдардың сауатсыздығын толық жоямыз, бұл үшін осы жұмысқа ауанның барлық оқытушылары мен интеллигенциясын, пионерлер мен жоғарғы класс оқушыларын тартып, 1945 жылдың 1 октябріне дейін ауданымыздағы 1959 сауатсыз адамдарды оқытып шығарамыз және 1272 шала сауатты адамдарды оқуға тартамыз. Барлық колхоздарда, совхоздарда, МТСтарда, егін басында, малды отарлап бағатын жайлауларда сауатсыздықты жоятын пунктер мен мектептер ашамыз.

Партия, комсомол және совет ұйымдарының көмегімен сауатсыздықты жою мектептері мен шала сауаттылар мектептерінің жұмысына толық жағдай жасаймыз, оларды үймен, отынмен, жарықпен кітаптармен және оқу, жазу құралдарымен қамтамасыз етеміз.

Ауыл шаруашылығы науқандарының кезінде сауатсыздықты жою жұмысының тоқталып қалуына жол бермейміз.

2. Сауатсыз және шала сауатты адамдар арасында күнделікті көпшілік-түсінік және мәдениет-ағарту жұмыстарын кеңінен жүргіземіз, осының нәтижесінде оқушыларды оқуға түгел қатыстырып отырамыз және олардың оқу программасын барынша жақсы түсінуін қамтамасыз етеміз.

3. Оқытушылардың, дәрігерлердің, агрономдар мен зоотехниктердің, барлық интеллигенцияның күшімен, аудан еңбекшілері арасында жаратылыс, ғылми нәсихатты кең түрде жүргізуге, сөйтіп, мәдениетсіздікке, надандыққа, жоқ нәрселерге сенушілікке қарсы батыл күрес ашамыз.

Ауданымыздың еңбекшілеріне жаратылыстың заңдарын, оның тіршілігі мен дамуын терең ұғынуға жәрдемдесеміз, оларды ғылымның, техника мен мәдениеттің ең соңғы табыстарымен таныстырамыз сөйтіп, еңбекшілердің мәдениетін көтереміз.

4. Біздер алдымызға: мектеп жұмыстарын батыл жақсарту, мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқуға түгел тарту, алдағы емтиханға өте жақсы дайындалу, келесі оқу жылына ауданымыздың мектептерінің үлгілі түрде әзірленуін қамтамасыз ету міндетін қоямыз.

5. Біздер ауданымыздағы оқу үйлерінің, колхоз клубтарының, мәдениет үйлерінің, кітапханалардың, көшпелі киноларды жұмыстарын негізінен жақсартуды, бұл үшін, аудандық және ауыл-селолық партия, совет және комсомол ұйымдарымен бірге, солардың басшылығымен және белсене жәрдемдесуімен, барлық саяси-ағарту мекемелерін үлгілі тәртіпке келтіруді, олардың төңірегіне белсенділерді ұйымдастыруды, әрбір саяси-ағарту мекемесінде мәдени-ағарту және саяси-көпшілік жұмысын кеңінен ұйымдастыруды міндетімізге аламыз. Ауданда жас өнерпаздардың жұмысын ұйымдастырып, мәдени-ағарту жұмыстары жағынан аудан халқына қызмет көрсету жұмысын өте жақсы жолға қоямыз.

6. 1945 жылдың көктемгі егіс науқанын өткізуге, егіннен мол өнім алу үшін күреске өте қызу қатысамыз, жалпы ауыл шаруашылық жұмыстарына барлық оқушы балалардың қатысуын ұйымдастырамыз, сөйтіп ауданымыздың үстіміздегі жылы көктемгі егіс жұмыстарын және басқа да ауыл шаруашылық жұмыстарын көңілдегідей өткізуіне көмектесеміз.

Қымбатты жолдастар біз сіздерді, шақыруымызға үн қосуларыңызға, Қазақ ССРның 25 жылдығы хұрметіне ұйымдастырылып отырған бүкілхалықтық социалистік жарысқа тусулеріңізге, әрқайсыларыңыздың қызмет ететін орындарыңызда социалистік жарысты кең өрістете отырып, жұмыста жаңа табыстарға жетуге, республикамыздың алдында тұрған аса маңызды саяси-шаруашылық міндеттерді шешуге көмектесуге, сөйтіп Гитлер Германиясын толық және біржолата талқандау ісіне үлесті молайта түсуге шақырамыз.

Еңбекші қазақ ауданының оқытушылары мен интеллигенциясының тапсыруы бойынша үндеуге қол қойғандар:

НҰРКИН—ҚК(б)П аудандық комитетінің секретарі, СЕГІЗБАЕВ—аудандық совет атқару комитетінің председателі, ИСАЕВ—Молотов атындағы қазақ орта мектебінің директоры, СЕФИНОВСКИЙ—орыс мектебінің директоры, РҮСТЕМОВ— ҚК(б)П аудандық комитетінің пропаганда және үгіт бөлімінің меңгерушісі, ИБРАГИМОВ—аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, МЫРЗАҒҰЛОВ—«Бірлік» колхозының мектебі оқу бөлімінің меңгерушісі, ШУЧКИНА—Молотов атындағы колхоз мектебінің оқытушысы, САЛАМАХИН—аудандық жер бөлімінің бас агрономы, ЧУРИНА—аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, САПАРОВ— «Еңбекші» колхозындағы орталау мектептің соғыс пәнінің жетекшісі, ГАНЖА — дәрігер, СУПАЕВ—мал дәрігері, МӘКЕТОВА — Киров атындағы колхоздың орталау мектебінің меңгерушісі, ЕСТЕМЕСОВ—«Совет» колхозы мектебінің меңгерушісі, СҰЛЕЙМЕНОВ—Турген қой совхозының орталау мектебінің меңгерушісі, СТАНБЕКОВ — Еңбекші қазақ МТСның аға агрономы, РЯЗАНОВА—«Садвинтрест» совхозы орталау мектебінің оқытушысы, МҰРАТОВА—аудандық оқу бөлімінің саяси-ағарту жөніндегі нұсқаушысы, МИЛИНЕВСКИЙ—Турген селосындағы орта мектептің меңгерушісі, ТАГИЛЬЦЕВА—«Красный восток» колхозы орталау мектебінің меңгерушісі және басқалары, барлығы 61 адам қол қойған.

Міндеттелелер мүлтіксіз орындалуда

Н. заводының коллективі Алматыдағы ауыр машина құрылысы заводы коллективінің үндеуіне жауап ретінде социалистік жарысқа жаппай ұштасып, Қазақстанның 25 жылдығын зор табыстармен қарсы алу үшін ұлғайтылған міндеттемелер алды. Социалистік жарыста завод коллективі жұмысты үнемі бір қалыпты істеуге жоспарды күн сайын, апта сайын толық және артығымен орындауға бір ауыздан уәде берді. Бұл міндеттемені ойдағыдай орындау үшін заводтың инженер-техник қызметкерлері, шеберлері партия, профсоюз ұйымдары өндіріс жұмыстарын соғыс талабына сай жүргізуге назар аударып отыр.

Мұның нәтижесінде Романцев жолдас бастық болып істейтін цехтың жұмысшылары жұмыс мөлшерін үнемі артығымен орындауға жетісті. Февраль айының қорытындысында жұмысшылардың тапсырманы орындауы орта есеппен 123 процент болып шықты.

Завод коллективі Агарковтың жұмыс әдісін кеңінен қолданды. Сөйтіп машиналардың қуатын пайдалануда елеулі табыс тарға ие болды ,продукцияның түсер бағасын жоспар бойынша, 8 процент арзандату орнына, 10 процент арзандатты.

Малюк жолдас бастық болып істейтін цехтың жұмысшылары ішкі мүмкіншілікті кеңінен пайдалана отырып, социалистік жарыста алған міндеттемелерін әрдайым артығымен орындауда. Цех Агарковтың жұмыс әдісін қолданғаннан кейін 12 маман жұмысшыны басқа жұмысқа ауыстырды. Еңбек өнімі бұрынғыдан 15 процент артты. Цех жұмысшылары үш айдан бері завод дирекциясының ауыспалы Қызыл туын берік ұстауда.

Заводта соғыс талабына сай таңқырлық, жігерлік көрсетіп отырған озат адамдар аз емес. Комсомол-жастар бригадаларын ұйымдастырып, олардың арасында социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Каргаполова жолдастың бригадасы басқаларға үлгі болды. Бұл бригаданың мүшелері өздерінің өндірістік мамандығын арттырып, еңбек өнімділігін жоғарылату жөнінде көп жұмыс істеді. Осының нәтижесінде олар күнделік жұмыс тапсырмаларын біржарым есеге дейін артығымен орындады.

Каргаполова жолдастың бастамасын бірінші болып қолдаған Захаров жолдас болды. Оның ұйымдастырған комсомолжастар бригадасы да көрнекті табысқа не болды. Бұл бригада өткен айдың жұмыс мөлшерін 135 процент орындап шықты.

Майдан тапсырмасын мүлтіксіз орындау жөнінде заводтың инженер-техник қызметкерлері бірсыпра ығілікті ұсыныстар жасап, оларды жүзеге асырды. Олар техникалық байқау жұмыстарын әрбір бригадада жеке-жеке жүргізіп отырды. Өнімнің сапасыз болуы, материалдардың мөлшерден артық жұмсалуы сияқты кемшіліктерді дер кезінде тексеріп оларды жоюдың шарасын қолдана білді.

Ал завод майдан тапсырмасын әрдайым аброймен орындап келеді. Заводта саяси-көпшілік жұмыстары да пәрменінше жүргізілуде. Әрбір бригадаларға үгітшілер бөлінді. Үгітшілер анта сайын шабуылдағы Қызыл Армияның жеңістері мен үкмет пен партияның қаулыларын түсіндіріп, жұмысшыларды қажырлы еңбек істеуге жігерлендіріп отырады.

Завод коллективі республикамыздың 25 жылдығы алдында алған міндеттемелерін аброймен орындау үшін жұмылуда. Бұл міндеттемелер бойынша олар еңбек өнімін 25 процент арттырып, өнімнің түсер бағасын жоспардағыдан 10 процент арзандатуға серт берді.

Е. МАЛАЕВ.

ИГІЛІКТІ ІС

Совет ауданындағы Ленин атындағы колхоздың мүшелері алматылықтардың үндеуін зор өрлеумен қарсы алды. Олар бұл үндеуге жауап ретінде жетіспейтін егіс тұқымын колхозшылардың жеке мен шіктеріпен қарызға астық алу арқылы толтыруға ұйғарды.

Колхозшылар тұқым қорын молайту ісіне алғашқы күннің өзінде белсене қатыса отырып, 210 пұт тұқым жыйнады.

Қ. ЖАҚЫПОВ.

Таңдаулы колхозшының іс үлгісі

Октябрь ауданындағы «Жаңа талап» колхозының мүшесі Өбен Бәжігүсов жолдас соғыс жылдарында колхоз өндірісінде аянбай жұмыс істеп, батыр Қызыл Армияға қажірлі еңбегімен көмектесіп келеді. Тапсырылған жұмысты мерзімінде, тыңғылықты орындау—Бәжігүсов жолдастың әдетті ісі.

Қазір Бәжігүсов жолдас колхозда жұмыс малын күтеді. Оның қарауындағы малдардың қоңы жақсы, малда шығын жоқ.

Колхоз басқарласы Бәжігүсов жолдастың жанқыярлық еңбегін бағалай білді. Оған бұдан бұрын бірнеше рет заттай және ақшадай сыйлықтар берілген еді. Бағалы сыйлық берілді.

Ж. ІЛИЯСОВ.

АУЫЛ-СЕЛО СОВЕТТЕРІНІҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІНДЕГІ РОЛІ

Қазір денсаулық сақтау орындарының алдына аурудың көбеюіне жол бермеу, халықтың денсаулығының нашарлауына, түрлі жұқпалы аурулардың өтек алуына жол бермеу міндеттері қойылып отыр. Бірақ бұл сыяқты өте маңызды міндетті бірғана денсаулық орындары орындайды деп түсіну үлкен хате болған болар еді.

Ауыл-село советтері жергілікті емдеу және дәрігерлік мекемелердің жұмыстарын күнбе-күн қадағалап, оның мән-жәйін үнемі біліп отыруға міндетті. Жергілікті денсаулық сақтау орындарының барлық жұмысына тиісті жоспар жасалып, ол ауыл-село советтерінің мәжілістерінде талқыланып, бекітілуге тиіс. Осы жоспардың орындалуын бақылау, дәрігерлік учаскелер меңгерушілерінің баяндамаларын ауыл-село советінің мәжілістерінде әр уақыт тыңдап отыру, олардың жұмыстарына күнбе-күн нақты көмек көрсету— міне ауыл-село советтерінің міндеттері осындай.

Сүзек және іш ауруына қарсы күресте жергілікті советтер мен колхоздарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Мәселен, аудандық жерлерде сүзек ауруына қарсы күресуде монша мен дезинфекция жасайтын камералар шешуші роль атқаруға тиіс. Ал, ауыл-село советтері осы монша мен дезокамералардың тұрақты, үздік сіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар олар халықты моншаға түсіру жөнінде алдын ала күн белгілеп, жоспар жасауға, оның орындалуын қадағалап отыруға тиіс. Бірсыпыра колхоздарда колхозшылар моншаға бригада-бригада болып түседі, мұны сол бригаданың бригадирі үнемі бақылап отырады. Бұл өте қолайлы әдіс, оны басқа колхоздарда да қолдану керек.

Кейбір жерлерде көлік жағынан қыйыншылық кездеседі дегенді айтып жүр. Ал өз жұмысын жақсы ұйымдастырып отырған ауыл-село советтері бұл мәселені тіпті жеңіл-ақ шешіп отыр. Мұндай ауылдық совет колхоздағы моншаға отын тасу, ауырған адамды емханаға жеткізу және сондайлар үшін ғана арнаулы көлік тағайындап қоймайды, ол емхананы да қамту ісіне арнаулы көлік бөліп қояды. Барлық ауыл-село советтерінде осындай тәртіп орнату керек.

Әрбір колхозда, ауыл-селода, аудан орталығында тазалық, санитарлық тәртіп сақталуын үнемі бақылап отыру жергілікті советтер мен олардың коммунальдық шаруашылық орындарының міндеті. Олар халық тұратын жерде тазалық орнатып, денсаулық сақтау ісін жақсартуға керекті шаралардың бәрін қолдануға, бұл жұмысқа тұрғын халықтың өзін қатыстыруға, елді жерлерді тазалау үшін жетіліктер, онкундіктер немесе айлықтар өткізіп отыруға тиіс.

Қазақстанның көп жерлерінде соңғы жылдары безгек ауруы көбейе түсті. Бұл коммунальдық мекемелердің, шаруашылық және жер орындарының, сол сыяқты колхоздардың, совхоздардың, жергілікті советтердің безгекке қарсы шараларды ойдағыдай жүргізбей келгендігінің нәтижесі деп түсіну керек. Оның үстіне, денсаулық сақтау орындары да бұл мәселеге үнемі жеткілікті көңіл бөліп отырмайды, безгектің неден тарауы себептерін зерттеп білмейді, жергілікті советтердің атқару комитеттеріне безгек сыяқты ауруларға қарсы қандай шаралар қолдану керек екенін айтып отырмайды.

Ауыл-село советтері, аудандық советтердің атқару комитеттері безгекке қарсы күресу шараларының уақытында орындалуын коммунальдық мекемелерден, шаруашылық және жер орындары мен денсаулық сақтау мекемелерінен талап етуге тиіс.

Селолық жерлерде аналар мен балалардың денсаулығын сақтау ісіне айырықша көңіл бөлінуге тиіс. Денсаулық сақтау орындары бұл жөнінде көп жұмыстар істеуде. Жергілікті жерлерде балалар мен әйелдердің консультациялары, әйелдер босанатын үйлер бар. Көп жерлерде акушеркалық және дәрігерлік пункттер жұмыс істейді. Алайда, әйелдер босанатын үйлерді әрбір колхозда ұйымдастыру керек, бұл үшін олардың толық мүмкіншілігі бар. Көптеген алдыңғы қатарлы колхоздарда қазіргі уақытта екіқабат әйелдер үшін жемалыс үйлері ұйымдастырылып отыр. Бұл сыяқты өте маңызды бастаманы ауыл-село советтері түгелдей қолдап, іс жүзіне асыруға тиіс.

Ауыл-селолық жерлерде денсаулық сақтау жұмысын жақсартуда алдыңғы қатарлы колхоздардың өздерінде дәрігерлік сестралар пункттерін ұйымдастыру жөніндегі бастамасының зор маңызы бар. Бұл шараның мәні мынада: әрбір колхоз өз ішінен өте ұқыпты, белсенді колхозшы әйелдерді бөліп, олар аудандық емханаларда тәжрибеден өтеді де, дәрігерлік сестра болып шығады. Осыдан кейін селендік дәрігерлік учаскелердің басшылығымен колхозда жедел жәрдем көрсету ісіне қатынасады, түрлі жұқпалы ауруларға қарсы күресу шараларын жүзеге асыру, ясли-лердегі балаларды күту жұмыстарына, колхоздағы өздерінің негізгі жұмыстарынан қол үзбей-ақ көмектесіп отырады.

Соғыс уақытының жағдайында жергілікті емханалар мен селендік дәрігерлік учаскелердің жанындағы қосалқы шаруашылықтардың маңызы зор. Олар үшін жақсы жер бөліп беру, ол жерлерді өңдеуге жәрдемдесу—колхоздар мен колхозшылардың тікелей борышы. Мұнымен қатар колхоздар мүмкіндігіне қарай дәрігерлік қызметкерлердің огород салуына керекті жер бөліп беруге тиіс. Бұлай өткен күнде жергілікті жердегі дәрігерлік қызметкерлердің тұрақты қызмет істеуін қамтамасыз етуге болады, олардың тұрмыс жағдайлары жақсара түседі.

Қазақстанның дәрігерлік қызметкерлері жұқпалы ауруларға қарсы күресте майдандағыдай нағыз ерліктер көрсетіп жүр. Сондықтан да олардың мұндай ерліктерін бағалап, оларға үнемі қамқорлық жасап отыруымыз керек. Денсаулық сақтау қызметкерлері аса зор міндет атқарады, екінші сөзбен айтқанда, олар дүниедегі ең қымбатты нәрсені—колхозшылардың, колхозшы әйелдердің, олардың балаларының денсаулығын сақтайды.

«Известия» газеті 1945 жылғы 10 январьдағы санында былай деп жазды: «Селендік жердегі дәрігердің нағыз қамқоршысы, ең жақын досы—селендік совет болуға тиіс. Біз селендік советтердің дәрігерлік учаскелерге үнемі назар салып, қамқорлық етіп отыратынын көріп келеміз. Ал, селендік совет қызметкерлері мен дәрігерлердің арасында тұрақты байланыс орнайтын болса, ол өте жақсы». Бұл тіпті дұрыс айтылған. Бізде де мұндай мысалдар жоқ емес. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Георгиевскі дәрігерлік учаскесінде істейтін дәрігер Бадмаева жолдас халықты емдеу жұмысын жақсы жүргізумен қатар, өз қамтуындағы колхоздармен тығыз байланыс жасады. Дәрігерлік учаскенің қызметкерлері колхоздардың егінін жыйнасын берген болса, колхозлар емхананың көмекші шаруашылығының егін егетін жерлерін жыртып, пішенін шауып берген, емханаға мал, овощь бөліп беріп отыр.

Ауыл-селолық жерлердегі дәрігерлік қызметкерлер мен ауыл-село советтерінің, колхоздардың арасында міне дәл осындай қарым-қатынас болуға тиіс.

С. ЧЕСНОКОВ,
Қазақ ССР Денсаулық сақтау Халық Комиссары.

КӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ МІНСІЗ ӘЗІРЛЕНІП АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫҢ ШАҚЫРУЫНА ІСПЕН ЖАУАП БЕРЕЙІК!

АЛМАТЫЛЫҚТАРҒА ІСПЕН ЖАУАП БЕРЕМІЗ

Соғыс жылдарында шаруашылығымыздың қай саласында болса да бізге бірталай қиыншылықтар кездесті. Бірақ, колхозымыздың күшелері бұл қиыншылықтарды қажірлі қайратпен жеңе білді, сойтіп жеңіс қорына елеулі үлес қосты.

Өткен жылы ауыл шаруашылығындағы социалистік жарыста колхозшыларымыз егіннен мол өнім алып, еліміз бен майданға азық-түлікті еселеп мол беруге міндеттенген еді. Олар міндеттемелерін аброймен орындады, бітік егін өсірді. Мемлекетке 2700 центнер астық тапсырылды. Мұнымен бірге, Қызыл Армия қорына 870 пұт астық өткізілді.

Быйыл колхозшылардың еңбек күніне мол астық берілді. Колхозды ауылдық таңдаулысы М. Көрібаев жолдас еңбек күніне 60 пұттан аса астық алды.

Колхоз күшелері колхоздың ішкі мүмкіншіліктерін кеңінен пайдалана отырып, алдымыздағы көктемгі егіске әзірлік жұмыстарында елеулі табыстарға не болды. Соның нәтижесінде колхоздың егіс алаңы тұқым қорымен толық қамтамасыз етілді. Қысқы агротехникалық шаралар ойдағыдай жүзеге асырылды. Барлық ауыл шаруашылық машиналары мен құралсаймандары және жегу өбзелдері тыңғылықты түрде жөнделді. 36 өгіз бен 20 ат қазір күтімде тұр.

Колхозымыз егіске әзірлік жұмыстарында көршілес «Жаңғайың» колхозымен социалистік жарысқа түскен еді. Бұл жарыста біз озып шықтық. Егіске әзірлік күндерінде колхозшы Жаманкөзов, Оспанов, Өмрина, Оразалина тағы басқа жолдастар стахановшылар қатары қосылды. Бұлар үшін 2-3 мөлшер орындауға жетісті.

Пожнымызда мал қыстату шаруасы ойдағыдай өтіп жатыр. Тыс бойы 600 бір мал шығын болған жоқ. Қазір қыстаулар жанында 2000 центнер пішен және 500 центнер сабан тоқы бар. Малқұтудо Мұқан Көрібаев және Дамет Көрібаева жолдастар алда келеді. Бұл алдыңғы қатарлы мал өсірушілерге бағалы сыйлықтар берілді.

Шаруашылығымыздың қай жерауында болса да колхоз үгітшілерінің зор үлесі бар. Үгітші Т. Шолдикова, Қ. Аргынов және М. Беденова жолдастар колхозшылар арасында үкметіміз бен партиямыздың қаулы-қарарларын, батыр Қызыл Армия мен Одақтастар әскерлерінің дұшпанға қарсы қиймылдарын үнемі түсіндіріп отырады.

Қазір үгітшілер қызу жұмысқа кіріскі. Олар колхозшылар арасында социалистік жарысты өрістету мақсатында, Алматы облысының Алматы ауданындағы Белбұлақ ауыл советінің Калинин атындағы колхозының колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің үндеуін талқылау жұмысын ойдағыдай ұйымдастырды.

Колхоз күшелері колхоз шаруашылығын бұрынғыдан да өркендете түсіп, майдан мен еліміз ауыл шаруашылық өнімдерін мол беруге, бұл үшін Алматылықтардың үндеуін іс жүзінде жүзеге асыруға міндеттеніп отыр. Колхозшылар өздерінің бұл міндеттемелерін большевик ше орындайтындығына сенім зор.

А. АҚИН,
Ленин ауданы, Амангелді атындағы колхозының төрағасы, председателі.

Үндеуге жаппай үн қосты

Ленин атындағы (Преснов ауданы) ауыл шаруашылық артелінің күшелері егіннен мол өнім алудың алғашқы алғышы—көктемгі егіске әзірлікте ұйымдасқан түрде тынбай жұмыс істеуде. Олар егісті ойдағыдай әзірлікпен қарсы алу үшін өзара социалистік жарысты өрістетті. Социалистік жарыста алған міндеттемелердің мүлтіксіз орындалуына ат салысты.

Міне осының нәтижесінде колхозда егіс тұқымы жеткілікті мөлшерде құйылып, егістік сапаға жеткізілді. Ал ауыл шаруашылық машиналары мен құралсаймандарынан 12 соқа, 4 тұқым сепкіш, 36 тырма, 10 арба, 80 жарма жөнделді.

Колхозшылар қысқы агротехникалық шаралардың мүлтіксіз жүзеге асырылуына ерекше назар аударып, 320 гектар егіс алаңына қар тоқтатты, 200 тонна көң көкті. Мұнымен бірге, 3 центнер күс қиы және 12 центнер күл жыйналды.

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстарында Уақбаева, Г. Оспанова және Тұралина сыяқты колхозшы әйелдер ерлікпен жұмыс істеудің үлгісін көрсетті. Бұлар тап сыяқты үлкені зәнра орындайды.

Колхозшылар Алматы облысының Алматы ауданындағы Белбұлақ ауыл советінің Калинин атындағы колхозының колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің үндеуін зор елеулмен қарсы алды. Сойтіп, егіс шаруашылығы мен мал шаруашылығының өнімдерін еселеп арттырып, еліміз бен майданға ауыл шаруашылық өнімдерін тұрлым мол беруге нақтылы міндеттемелер алды.

Б. РАМАЗАНОВ.

„Қызыл Қазақстан" колхозы егіске әзір емес

Қонюхов ауданындағы «Қызыл Қазақстан» колхозында 22 январь және 10 февраль күндері колхозшылардың жалпы жыйналысы болды. Бұл екі жыйналыста да колхоздың көктемгі егіске әзірлігі туралы мәселе қаралып, көп кемшіліктердің беті ашылды. Жыйналыстарда колхоз председателінің егін шаруашылығы жөніндегі орынбасары Рақымов жолдас кемшіліктерді дереу жою үшін нақтылы шаралар қолдануға уәде берген болатын.

Бірақ Рақымов жолдастың бұл уәдесі уәде күйінде қалып отыр. Өйткені егіске әзірлік жұмыстарының барлық саласы ой сыраған олқылыққа ұшырады. Әлі күнге дейін 2 соқа және 1 тұқым сепкіш жөнделмей жатыр. Қар тоқтату жоспары да орындалған жоқ.

—Бірсыпыра жергілікті тыңайтқыштар әзірледік,—дейді Рақымов жолдас. Бірақ, ол қанша көң, күл және күс қиы жыйналғанын, олардың сақталу жәйін білмейді. Өйткені «жыйналған» тыңайтқыштар қайда болса, сонда жатыр, олардың толық есебі жоқ.

Колхоз быйыл 370 гектар егін екпекші. Ал, егіс алаңына керекті тұқымның қолда 50 центнері ғана бар. Оның өзі де тазартылып, егістік сапаға жеткізілмей отыр.

Ө. ҚАМЫСБАЕВ.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

Редакцияның адресі: ҚССР Петропавл қаласы, Ленин көшесі 12 Полиграфия және издательство басқармасының баспаханасы. УШ 00145.